

**"Облыстық мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін ата-ана төлемақысынан босату туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 26 ақпандағы №39 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 250 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыстық мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін ата-ана төлемақысынан босату туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 26 ақпандағы № 39 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1289 болып тіркелген, 2004 жылдың 27 мамырында "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Манжуовқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*К. Көкрекбаев*